

11. McCleskey J.E. Fluorometric method for the determination of urea in blood / J. E. McCleskey // Anal. Chem. — 1964. — Vol. 36. — P. 1646-1648.
12. Козинца Г.И. Атлас клеток крови и костного мозга «Триада - X» 1998.

Исагулов Т.Е., Нурпейсова А.С., Волгин Е.Н, Богданов Н.В., Керимбаев А.А.,
Сарсенбаева Г.Ж., Касенов М.М., Хайруллин Б.М., Сансызбай А.Р.

УКРАЇН КОТОВНИНІГІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН ЭФИР МАЙЫ НЕГІЗІНДЕ ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН КЛИНИКАЛЫҚҚА ДЕЙІН ЗЕРТТЕУІ

Тұмауға қарсы дәрілік препараты қауіпсіздігінің көрсеткішісі болып, лабораториялық жануарлардың төзімділігі мен олардың перифериялық қанының морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің тұрақты нормада сақталуы болып табылады.

Кілт сөздер: тұмау, тұмауға қарсы дәрілік препарат, клиникалыққа дейін зерттеу.

Issagulov T.Ye., Nurpeisova A.S., Volgin Ye.N., Bogdanov N.V., Kerimbayev A.A.,
Sarsenbayeva G.Dj., Kassenov M.M., Khairullin B.M., Sansyzbay A.R

PRECLINICAL SAFETY STUDIES OF INFLUENZA-BASED DRUG ESSENTIAL OIL CATNIP UKRAINIAN

Safety performance indicators are well tolerated influenza drug, as well as remaining within the normal morphological indicators of peripheral blood and serum biochemical parameters in experimental laboratory animals.

Key words: flu, influenza drug, preclinical studies.

ӘОЖ 619:61:33-002:636.7

**Манашов А., Иманғалиев А.К., Алимгазина С.Б.,
Жұмаханова Р.М., Акимжан Н.А.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОПЕРАЦИЯДАН КЕЙІНГІ ТРОМБОЗДЫҢ ЕМІ

Андатпа

Мақалада әр түрлі операциялардан кейінгі асқынудың бір түрі тромб және оны емдеу туралы мағлұматтар келтірілген. Зерттеуге алынған жануарларды бес топқа бөліп, ем жүргізілген. № 3 топтағы жануарларды гирудотерапия, яғни медициналық сүлікпен емдеген. Ол емнің тиімділігі дәстүрлі препараттармен ем жүргізілген басқа топ жануарларымен салыстыру арқылы дәлелдеме келтірілген.

Кілт сөздер: тромб, гепарин, гирудотерапия, тамыр, ақсау.

Тақырыптың өзектілігі

Соңғы жылдары Республикада мал басының өсуіне көңіл аз бөлінуде, олардан алынатын өнімдерінің сапасына талдау жасалмай, тіпті кейде малға және басқа да жануарларға мезгілінде хирургиялық ем көрсетілмей, олардың шығынға ұшырауы жиі кездесіп тұрды. Сондықтан хирургиялық ем көрсету, мамандардың қажетті жабдықтармен және ауру мал мен жануарлардың организміне әсер ететін дәрілермен

қамтамасыз етілуінің маңызы зор. Хирургиялық ем, басқа да ветеринария жұмыстарымен қоса мал дәрігерлік емдеу ісінің негізін қалайды. Хирургиялық жәрдем мал тұрған жерде, лезде, жедел, сапалы көрсетілетін іс.

Ветеринариялық тәжірибеде хирургиялық операциялардан кейін, вена тамырларында міндетті түрде тромбоз байқалады. Осы, кезде операциялық жарақаттың жазылуы, біраз уақытқа созылады.

Тромб – тромбоциттерден, оралған фибриннен, лейкоциттерден және эритроциттерден тұрады.

Операциялық жарақатының тромбозының қауіптілігі көптеген ғалымдар мәліметтері бойынша тромбтың негізгі бөлімінен бір бөлігінің ажырап, ірі тамырдың қуысын бітеуі. Бұл жағдайда, бітелген тамырдың орналасқан жеріне байланысты, жақын орналасқан мүшенің жұмысы бұзылады. Мысалы, тромб аяқ тамырларында болса, жануар ақсайды немесе жатып қалады. Жүрек аумағындағы, тамырларында тромб байқалса, жануар естен тануы, шок, коллапс, ауыр жағдайда клиникалық, биологиялық өлімдер анықталады [1,2,3].

Қан тамырлардың тромбозының дамуы, екі бағытта жүреді:

- асептикалық тромбтар протеолитикалық ферменттердің әсерінен тромбтар ыдырап кетеді;

- септикалық тромбтар - бактериялардың әсерінен тромбтардың ыдырауы. Осы кезде ішкі ағзаларда, ұлпаларда іріңді ошақтар пайда болады.

Кейбір кезде дәнекер ұлпа өсіп – ұйымдастырылған тромб пайда болады.

Айтылған тромб әжімденіп, жарылып қуыстар пайда болып және эндотелий қабаты өседі, яғни тромбтың қуыстануы (канализация) немесе тромбта әк тұздары жиналады – тромб петрификацияға ұшырайды [4].

Жануардың денсаулығына тромбтың теріс әсері, жергілікті ұлпа аумағында зат алмасу, регенерация процесстері баяулауы, уытты заттар жиналалып интоксикация пайда болуымен көрінеді. Жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты операциялық жарақаттардың жазылу мерзімі екі есе ұзарады [5].

Жұмыстың жаңалығы Қазақстан денгейінде иттердің хирургиялық операциядан кейінгі дамитын тромбоздарын тиімді емдеу үшін алғашқы рет медициналық сүлік пайдаланылды.

Тәжірибелік маңыздылығы Иттердің хирургиялық операциядан кейін пайда болатын тромбтарына қарсы, емдеу мақсатында гирудотерапия тәсілін басқадай дәрілермен салыстырып, тиімдісін анықтау.

Ғалымдар мәліметтері бойынша, жануарларда қан тамырының тромбоздары жылқыда, ірі қара малда және иттерде кездеседі, көбінесе аяқ, жамбас, мықын артерияларында және олардың тарауларында [6].

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді ескере отырып біз келесідей мақсат қойдық, ол жануардың хирургиялық операциядан кейін пайда болатын тромбоздардың емін жетілдіру.

Осы, мақсатты орындау үшін біз келесідей міндеттер қойдық:

1. Қан тамырларының тромбоз патологиясының себептерін, анықтау тәсілдерімен, клиникасымен танысу, алдын алу шараларын, ем әдістерін игеру.

2. Жануардың хирургиялық операциядан кейін пайда болатын тромбоздарды емдеуге арналған замануи дәрілерді гирудотерапия тәсілімен қолданып, салыстыру.

3. Иттердің хирургиялық операциядан кейін пайда болатын тромбтарын емдеуге арналған тиімді әдісті анықтау.

Зерттеу объектісі және тәсілі Иттердің операциядан кейінгі қан тамырларының тромбозын алдын алу шараларына: уақытында патологиялық өзгерістерді ажыратып балау, антикоагулянттарды енгізу жатады. Өндірістік жағдайларында, мал дәрігер ондай патологиялық өзгерістерді клиникалық белгілеріне және сипау арқылы анықтайды. Бұл тәсіл көбінесе толық ақпарат бермейді. Сондықтан, кәзіргі уақытта

тәжірибелік жұмыстарда иттердің операциядан кейінгі қан тамырының тромбозын анықтау үшін рентген тәсілі қолданылды. Бұл айтылған әдістер операциядан кейінгі қан тамырының тромбозының патологиялық өзгерістерін ерте ажыратуға және уақытында сапалы дәрігерлік көмек жасауына әсер етеді.

Қойылған ғылыми мақсатқа және жоспарланған міндеттерге байланысты әр түрлі жастағы иттердегі хирургиялық операциядан кейін, клиникалық белгілеріне байланысты төрт зерттеу және бір бақылау тобын құрып, әр түрлі препараттармен емдеу шараларын және гирудотерапия тәсілін жүргіздік.

Бірінші зерттеу топ. Иттердің хирургиялық операциядан кейінгі вена тромбын антикоагулянттық препарат - гепаринмен емдедік 5 мың ӘБ тері астына, тәулігіне 4-6 рет егілді.

Екінші зерттеу топ. Иттердің хирургиялық операциядан кейінгі вена тромбозын фибринолитиктер тобының өкілі –пентосан 100 препаратын 20 кг салмағына 0,5 - 0,6 мл мөлшерінде тері астына енгізілді.

Үшінші зерттеу топ. Иттердің хирургиялық операциядан кейінгі вена тромбозын гирудотерапия тәсілімен емдедік.

Төртінші топта ішек тамырларының тромботарында оперативтік жолмен ем жүргізілді. (1-5 кесте).

Бесінші бақылау тобында ешқандай ем көрсетілген жоқ.

Кесте 1-Гепарин препаратының емдеу нәтижелері

Жағдайы	Патологиясы	Ауру иттің саны	Иттің жеке нөмірлері	Препараттың дозасы, мың ЕД	Енгізу жері	Жазылуы, күндері			
						5	10	15	20
Қатерлі ісікті алғаннан кейінгі дамыған тромб	Жамбас артериясының тромбы	1	1	5	Тері астына	-	-	+	+
		1	2	5		-	-	+	+
		1	3	5		-	-	+	+

***ескертулер:** + жазылуы; - жазылмауы.

Жоғарыда көрсетілген 1-кестеде бірінші зерттеу тобының жамбас артериясының тромбозы бар иттерді гепарин препаратымен емдеу нәтижесінде, 15-20 күннен кейін тромбтың клиникалық белгілері жойылды. Ақсауы басылды, рентгенограммада жамбас артериясының пішіні қалыпқа келді.

Кесте 2-Пентосан - 100 препаратының емдеу нәтижелері

Жағдайы	Патологиясы	Ауру иттің саны	Иттің жеке нөмірлері	Препараттың дозасы, мл	Енгізу жері	Жазылуы, күндері			
						5	10	15	20
Қатерлі ісікті алғаннан кейінгі дамыған тромбоз	Жамбас артериясының тромбозы	1	4	1,0	Тері астына	-	-	+	+
		1	5	1,0		-	-	+	+
		1	6	1,0		-	+	+	+

***ескертулер:** + жазылуы; - жазылмауы.

2-кестеде екінші зерттеу тобының жамбас артериясының тромбозы бар иттерді Пентосан-100 препаратымен емдеу нәтижесінде, 10-20 күннен кейін тромбоздың клиникалық белгілері жойылды. Ақсауы тоқталды, рентгенограммада жамбас артериясының пішіні қалыпқа келді.

Кесте 3-Гирудотерапия тәсілінің емдеу нәтижелері

Жағдайы	Патологиясы	Ауру иттің саны	Иттің жеке Нөмірлері	Гирудо препараттың дозасы, мл	Енгізу жері	Ж а з ы л у ы, күндері			
						5	10	15	20
Қатерлі ісікті алғаннан кейінгі дамыған тромбоз	Жамбас артериясының тромбозы	1	7	1,0	Тері астына	+	+	+	+
		1	8	1,0		+	+	+	+
		1	9	1,0		+	+	+	+

***ескертулер:** + жазылуы; - жазылмауы.

3-кестеде үшінші зерттеу тобының жамбас артериясының тромбы бар иттерге гирудотерапия тәсілін қолдану нәтижесінде, 5-20 күннен кейін тромбоздың клиникалық белгілері жойылды. Ақсауы басылды, рентгенограммада жамбас артериясының пішіні қалыпқа келді. Қан айналымы қалыпқа келді.

Кесте 4- Хирургиялық операция тәсілінің емдеу нәтижелері

Жағдайы	Патологиясы	Ауру иттің саны	Иттің жеке нөмірлері	Емдеу тәсілі	Ж а з ы л у ы, күндері		
					15	20	30
Қатерлі ісікті алғаннан кейінгі дамыған тромбоз	Ішек артерияларының тромбозы	1	10	Хирургиялық операция	+	+	+
		1	11		+	+	+
		1	12		+	+	+

***ескертулер:** + жазылуы; - жазылмауы.

Жоғарыда көрсетілген 4-кестеде төртінші зерттеу тобындағы, ішек артерияларының тромбозы бар иттерді хирургиялық операция нәтижесі келтірілген. 15-30 күннен кейін тромбоздың клиникалық белгілері жойылды, рентгенограммада ішек артерияларының пішіні қалыпқа келді. Қан айналымы қалыпқа келді.

Кесте 5-Бақылау (контроль) тобының көрсеткіштері

Жағдайы	Патологиясы	Ауру иттің саны	Иттің жеке Нөмірлері	Емдеу тәсілі	Жазылуы, күндері		
					15	20	30
Қатерлі ісікті алғаннан кейінгі дамыған тромбоз	Мықын артерияларының тромбозы	1	13	Ем көрсетілген жоқ	-	-	-
		1	14		-	-	-
		1	15		-	-	-

***ескертулер:** + жазылуы; - жазылмауы.

5-кестеде бесінші бақылау (контроль) тобының мықын артерияларының тромбозы бар иттеріне тәртіп бойынша ем көрсетілген жоқ. Тромбоздың клиникалық белгілері анық көрінеді. рентгенограммада мықын артерияларының пішіні өзгерген. Қан айналымы бұзылған.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде иттердің хирургиялық операцияларынан кейінгі қан тамырларында пайда болған тромбтарды емдеу нәтижесінде ең тиімді тәсілі анықталды, ол гирудотерапия, яғни сүлік салу.

Әдебиеттер

1. Баешко А.А. Послеоперационный тромбоз глубоких вен нижних конечностей и эмболия легочной артерии: предрасполагающие факторы и уровни риска развития // Хирургия, 1999. 3: 31–4.
2. Кириенко А.И. Варикотромбофлебит в практике амбулаторного хирурга // Хирургия, 2001 2: 33–6.
3. Савельев В.С. Флебология- М., 2001.
4. Руководство по хирургии т.10 - М. :Медицина, 1964
5. Флебология //Руководство для врачей под редакцией академика Савельева В.С. М.:Медицина ,2001
6. Материалы 14 международной конференции Российского общества ангиологов и сосудистых хирургов.- Ростов-на-Дону, 2003.

Манашов А., Имангалиев А.К., Алимгазина С.Б.,
Жұмаханова Р.М., Акимжан Н.А.

ЛЕЧЕНИЕ ТРОМБОЗА ПОСЛЕ ОПЕРАЦИИ

В статье рассматривается вопрос тромбоза и его лечение, как один из часто встречающихся после операционных осложнений. Взятые животные для исследования были, разделили на 5 групп. Группу №3 лечили медицинскими пиявками (гирудотерапия). Было установлено, что метод гирудотерапии более эффективен, чем традиционные методы (гепарин и др. препараты).

Ключевые слова: тромбоз, гирудотерапия, сосуд, хромата, гепарин.

Manachov A., Imangaliev A.K., Alimgasina S.B.,
Zhumahanova R.M., Akimzhan N.A.

TREATMENT OF THROMBOSIS AFTER OPERATIONS

The article deals with the question of thrombosis and its treatment, as one of the most common complications after surgery. Taken animals for the study were divided into 5 groups. Group number 3 treated medical leeches (leeching). It has been found that the method hirudotherapy more efficient than traditional methods (heparin et al. preparations).

Key words: thrombosis, girudoterapiya, vessel, chromate, heparin.